

«8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Серікқазықызы Ақботаның «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

ЖАЗБАША ШКІРІ

Р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін атап өту керек)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме
1.	<p>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</p>	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың тақырыбы Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен, Қазақстан Республикасында тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасымен тығыз байланысты. Сондай-ақ, «Білім туралы» Заңына және Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына негізделеді. Сонымен қатар «Мәдени мұра» «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясына сәйкес келеді. Еліміздің саяси-әлеуметтік даму үдерісінде, жаһандану тұсында түркі халықтарына ортақ жазба мұралар мен шежірелерді тарихи лексикологиялық деңгейде зерделеу маңызды. Себебі Қазақстан Түркі дүниесінің – қара шаңырағы.</p> <p>Бұл зерттеу «Түркі әлемінің келешегі-2040» құжатының бағдарламасына толық сай келеді. Президент түркі елдерінің рухани дереккөздерін зерделейтін жобаларға ерекше көңіл бөлу керек деп санайды. Осы орайда ол Түркі халықтарының ортақ жазба мұрасын зерттеуге арналған «жол картасын» әзірлеуді ұсынды.</p> <p>2023 жылы «Түркі дәуірі» ұранымен Қазақстанда өткен Түркі мемлекеттері ұйымының X саммиті, 2024 жылы Бішкекте өткен</p>

		<p>ХІ саммиті түркі ынтымақтастығын арттырып, байырғы түркілердің тарихи жадын бүгінгі таңда қайта жаңғыртып отыр.</p> <p>Сан қатпарлы түркі тарихының терең сырын білдіретін «Армян-қыпшақ ескерткіштері» сынды тарихи жәдігерлер ғасырлар қойнауынан ортамызға үзілмей жетті. Түркі жұрты үшін ғана емес, жалпы өркениетті адамзат қауымы үшін баға жетпес құндылық екені рас. Жазба ескерткішті бүгінгі күннің ғылыми жетістіктері аясында зерттеп-зерделеу, насихаттау, сол арқылы түркітанушы, шығыстанушы, деректанушы ғалымдардың зертханалық-интеллектуалдық траекториясын кеңейту – аса өзекті.</p>
	<p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың зертеу бағыты ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясында «Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы зерттеулер» мамандандырылған бағытына толық сәйкес келеді. Диссертация «8D02303 – Лингвистика білім беру бағдарламасы бойынша дайындалған.</p>

2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылымға елеулі үлес қосатыны күмәнсіз. Зерттеудің теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері қазіргі лингвистиканың теориялық мәселелерін, соның ішінде тарихи лингвистика, семасиология, паремиология, деректану, текстология және лексикография салаларындағы өзекті ғылыми мәселелерді толықтыруға бағытталған. Қазақ тіл білімінде алғаш рет армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің әлемдік және отандық түркітануда зерттелу тарихы лингвистикалық тұрғыдан жүйеленіп, армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдері жүйесіндегі орны және қазақ тілімен генетикалық әрі тарихи-диахрониялық сабақтастығы кешенді тілдік талдау негізінде ғылыми тұрғыдан дәлелденген.</p> <p>Зерттеу жұмысының тұжырымдары мен нәтижелері лингвистикалық дереккөз ретінде түркі тілдерінің салыстырмалы, түсіндірме, тарихи және этимологиялық сөздіктерін құрастыруда, сондай-ақ түркі тілдерінің тарихи грамматикасы, тарихи лексикологиясы мен паремиологиясы бойынша ғылыми еңбектерде пайдалануға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, диссертациялық жұмыстың ғылыми-теориялық және практикалық маңызы жоғары деп бағаланады</p>
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	<p>Диссертацияның жазылу деңгейі жоғары, еңбек ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді. Зерттеуде пайдаланылған материалдар нақты тілдік деректерге негізделіп, лингвистикалық талдаулар арқылы дәйектелген. Диссертанттың ғылыми ойды өз бетінше жүйелеп, оны тілдік мысалдармен дәлелдеуі дәйекті, ұсынылған тұжырымдар логикалық тұрғыдан айқын әрі негізді.</p> <p>Зерттеу барысында нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген, алынған нәтижелердің өзара тығыз логикалық байланысы сақталған және олар диссертациялық жұмыстың</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	мақсаты мен міндеттеріне толық сәйкес келеді.
		<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.</p>	<p>Диссертацияның өзектілігі дәлелді түрде негізделген. Армян-қыпшақ тілі XIV ғасырда қазіргі Украина, Молдова және Румыния аумағында қауым болып өмір сүрген, армян-григориан дінін ұстанған және қыпшақ тілінде сөйлеген этникалық топтың армян графикасы негізінде қалыптасқан тарихи тіл ретінде сипатталады. Армян-қыпшақ тілінің өз дәуіріндегі элеуметтік-коммуникативтік қызметін, жазба дәстүрінің ішкі құрылымын, құқықтық дискурста қолданылуын және гендерлік репрезентациясын қазіргі лингвистиканың, әсіресе тарихи лингвистика, элеуметтік лингвистика және гендерлік лингвистика бағыттары тұрғысынан жан-жақты әрі кешенді интерпретациялау ғылыми тұрғыдан аса өзекті екені негізделген.</p> <p>Жұмыста жасалған тұжырымдар мен алынған нәтижелер өзара логикалық тұрғыдан сабақтас, ішкі бірлігі сақталған. Диссертацияның құрылымы, мазмұндық және мағыналық желісі жүйелі әрі үйлесімді құрылған. Зерттеу жұмысы осы деңгейдегі ғылыми диссертацияларға қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды		<p>Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбын толық айқындайды. Зерттеу жұмысының бөлімдері бір-бірімен ғылыми-логикалық тұрғыдан өзара сабақтаса байланысқан, зерттеудің мақсаты мен міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруға бағытталған.</p> <p>Диссертацияның құрылымы анықтамалар тізімінен, кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшадан тұрады. Жұмыстың құрылымдық-композициялық жүйесі ғылыми зерттеулерге қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.</p>
4.3.	Мақсаты мен міндеттері		Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына

<p>диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 	<p>толығымен сәйкес келеді. «Армян-қыпшақ ескерткіштерінің әлемдік және отандық түркітануда зерттелу тарихын лингвистикалық тұрғыдан жүйелеу және армян-қыпшақ тілінің қазақ тілімен генетикалық әрі тарихи-диахрониялық сабақтастығын ғылыми негіздеу; А.Н. Гаркавецтің армян-қыпшақ ескерткіштеріне арналған ғылыми еңбектерін лингвистикалық тұрғыдан талдау арқылы армян-қыпшақ тілінің тарихи дамуы, көстілділік жағдайындағы конвергенттік эволюциясы және қыпшақ тілдері жүйесіндегі орнын нақтылау; армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі адам бейнесі мен рухани- адамгершілік құндылықтарды лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан талдап, олардың қыпшақ дүниетанымы мен қазақ паремиологиясымен тарихи сабақтастығын дәлелдеу;</p> <p>Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріндегі материалдық мәдениет элементтері мен этномәдени кодты лингвистикалық-семантикалық тұрғыдан интерпретациялап, олардың қыпшақ қоғамының тұрмыстық тәжірибесін, дүниетанымдық моделін және қазақ паремиологиясымен тарихи сабақтастығын айқындау; армян-қыпшақ заң мәтіндеріндегі әйел бейнесінің құқықтық және әлеуметтік-гендерлік репрезентациясын гендерлік лингвистика тұрғысынан талдап, әйелдің құжық субъектілігінің тілдік тетіктерін, патриархалдық иерархиямен өзара қатынасын және теңдік пен шектеудің амбивалентті моделін анықтау; армян-қыпшақ құжықтық мәтіндерінде гендерлік теңдік пен патриархалдық иерархияның тілдік көрінісін талдап, әйелдің құжықтық субъектілігінің шектеулері мен мүмкіндіктерін айқындау.</p>
<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық бағытымен сәйкес келеді;</p>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық тұрғыдан өзара толық байланысқан.</p> <p>Диссертацияның бірінші тарауында армян-қыпшақ жазба</p>

	<p>1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ</p>	<p>ескерткіштерін зерттеудің қалыптасуы мен дамуы, оның әлемдік және отандық түркітанудағы орны, сондай-ақ негізгі ғылыми бағыттары кешенді түрде қарастырылған. Отандық ғалымдардың атап айтсақ, Ғ.Айдаров, С.Құдасов, С.Төребекова еңбектеріне шолу жасап, қазақ тіл білімінде армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеу дербес ғылыми бағыт ретінде қалыптасқандығы көрсетілген. А.Н. Гаркавецтің ғылыми мұрасына ерекше назар аударылған. Оның армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін жүйелі түрде ғылыми айналымға енгізіп, оларды контактология, тарихи типология және социоллингвистика тұрғысынан кешенді зерттеу арқылы түркітануда жаңа ғылыми бағыт қалыптастырғандығы сараланған.</p> <p>Екінші тарауда армян-қыпшақ мақал-мәтелдері түркі паремиологиялық дәстүрі аясында кешенді түрде қарастырылып, олардың семантикалық, құрылымдық, этномәдени және салыстырмалы-тарихи қырлары жан-жақты талданды.</p> <p>Үшінші тарауда XVI–XVII ғасырлардағы армян-қыпшақ заң мәтіндері гендерлік лингвистика тұрғысынан кешенді түрде талданып, әйел бейнесінің құқықтық, әлеуметтік және дискурстық репрезентациясы жан-жақты айқындалған.</p> <p>Жұмыстың құрылымдық бөлімдері арасында логикалық сабақтастық сақталған.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара</p>	<p>Диссертант зерттеу нысанына алынған тілдік материалдардың ерқайсысына сыни тұрғыдан талдау жасайды. Зерттеу тақырыбы бойынша ұсынылған қорытындылар мен шешімдер нақты тілдік деректермен және дәйекті ғылыми аргументтермен негізделіп, бұрынғы ғылыми тұжырымдармен жүйелі түрде салыстырылып отырады. Бұл зерттеу нәтижелерінің ғылыми негізділігін, жаңалығын және теориялық тұтастығын айқындайды.</p>

		<p>жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.</p>	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелері мен негізгі қағидағтарын тың, дербес тұжырымдар деп тануға болады. Ізденуші зерттеу жұмысының алдына қойылған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыру барысында бірқатар жаңа ғылыми нәтижелерге қол жеткізген. Зерттеу нәтижелері жалпы әлемдік лингвистика тарихына, сондай-ақ түркітану ғылымының теориялық және рухани қажеттіліктеріне сүбелі үлес қосады.</p> <p>Атап айтқанда, армян-қыпшақ жазба ескерткіштері қазақ тілінің тарихи лингвистикасы тұрғысынан алғаш рет кешенді түрде қарастырылып, олардың қыпшақ тілдерінің дамуындағы орны мен қазақ тілімен генетикалық әрі тарихи-диахрониялық сабақтастығы нақты тілдік деректер негізінде айқындалған. Осыған байланысты зерттеудің ғылыми нәтижелері мен ұсынылған қағидағтарын толығымен жаңа деп бағалауға толық негіз бар.</p>
	5.2	<p>Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жаңасы 25% - дан кем)</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Зерттеуші жұмыстың алдына қойылған мақсатына жету және белгіленген міндеттерді шешу барысында өзіндік ғылыми тұжырымдар ұсынған. Әсіресе заманауи лингвистикалық әдіс-тәсілдерге сүйене отырып, армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін кешенді лингвистикалық тұрғыдан талдау нәтижесінде бұрын ғылыми айналымда жүйелі түрде қарастырылмаған тың қорытындыларға қол жеткізілген.</p>
	5.3	Техникалық, технологиялық,	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған техникалық және басқару сипатындағы ғылыми шешімдер толығымен жаңа әрі</p>

		<p>экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем) 	<p>ғылыми тұрғыдан негізделген. Зерттеуде қолданылған заманауи лингвистикалық әдіс-тәсілдер мен талдау қағидағтары жазба ескерткіштерді интерпретациялаудың жаңа ғылыми моделін ұсынуға мүмкіндік берген. Ұсынылған шешімдер нақты тілдік деректерге, салыстырмалы-тарихи және дискурстық талдау нәтижелеріне сүйене отырып дәйектелген, сондықтан олардың ғылыми негізділігі толық қамтамасыз етілген.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (қуолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан ауқымды әрі сенімді дәлелдемелерге негізделген. Зерттеу жұмысының әрбір бөлімінің соңында сол тарауда алынған нәтижелерді жинақтайтын қысқаша қорытындылар беріліп, диссертация соңында жұмыстың жалпы мазмұнын қамтитын, зерттеу нәтижелеріне сүйенген көлемді қорытынды жасалған. Алынған тұжырымдар сапалық талдау қағидағтарына сәйкес нақты тілдік деректермен, салыстырмалы және интерпретациялық лингвистикалық талдаулармен дәйектелген. Осыған байланысты диссертацияның барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізді деп бағаланады.</p>
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидағтар	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 	<p>7.1. Қорғауға ұсынылған қағидағтар ғылыми тұрғыдан дәлелденген.</p> <p>Армян-қыпшақ жазба ескерткіштерінің қыпшақ тілдерінің тарихи дамуындағы заңды әрі маңызды кезенді айқындайтын дербес жазба дәстүр екені анықталған. Армян графикасымен хатталғанына қарамастан, бұл ескерткіштердің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық және синтаксистік жүйесі қыпшақ тілдік типологиясына толық сәйкес келетіні, сондай-ақ олардың көне және ортағасырлық қыпшақ тілдерімен, қазіргі қазақ тілімен тарихи-диахрониялық әрі генетикалық тұрғыдан тікелей сабақтас екені кешенді лингвистикалық талдау негізінде ғылыми тұрғыдан</p>

	<p>7.2 Тривиалды ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) иә; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>дәлелденген. 7.2. Қорғауға ұсынылған қағидаттар тривиалды емес. Диссертант ұсынған негізгі қағидаттар тың әрі дербес ғылыми тұжырымдар болып табылады. Зерттеуде бұған дейін қалыптасқан ғылыми пікірлер механикалық түрде қайталанбай, олар сыни тұрғыдан қайта қарастырылып, жаңа ғылыми интерпретация ұсынылған. 7.3. Қорғауға ұсынылған негізгі қағидаттардың жаңалық деңгейі өте жоғары. Армян-қыпшақ тілінің қыпшақ тілдер жүйесіндегі орны алғаш рет кешенді түрде айқындалып, оның тарихи дамуы қостілділік жағдайындағы конвергенттік эволюция үдерістерімен тығыз сабақтас екені ғылыми тұрғыдан негізделген. 7.4. Қорғауға ұсынылған қағидаттардың қолданылу аясы кең. Армян-қыпшақ мақал-мәтелдеріне жүргізілген лингвистикалық-семантикалық талдау олардың адам бейнесін, рухани-адамгершілік құндылықтарды және мінез-құлық нормаларын жүйелі түрде репрезентациялайтынын көрсетті. Сонымен қатар армян-қыпшақ құқықтық дискурсында гендерлік теңдік пен шектеу қатар іске асатын амбивалентті гендерлік-құқықтық модельдің қалыптасқаны ғылыми тұрғыдан негізделіп, алынған тұжырымдардың тарихи лингвистика, паремиология және гендерлік лингвистика салаларында қолданылу мүмкіндігі кең екені айқындалды. 7.5. Диссертанттың ғылыми тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануы. Диссертанттың ұсынып отырған ғылыми тұжырымдары мен қорытындылары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылыми жұмыстарды жариялау және бағалау саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБМ)</p>
--	---	---

			<p>ҒЖБССҚК) ұсынған журналдарда, сондай-ақ Scopus деректер базасына енгізілген журналдар мен шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған. Зерттеу нәтижелері республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда баяндалып, ғылыми қауымдастық тарапынан оң бағаланған.</p>
8.	<p>Дәйектілік қағидағы. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Өдістеменің тандау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) иә; 2) жоқ</p>	<p>Өдістеменің тандауы негізделген. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес қазіргі тіл білімі, жалпы лингвистика және түркітану ғылымдарында қалыптасқан лексикалық-семантикалық дамудың мәдени-тарихи үдерістерін айқындайтын негізгі ғылыми әдістер мен тәсілдер орынды пайдаланылған.</p> <p>Зерттеуде армян-қыпшақ жазба ескерткіштері кешенді әдіснама негізінде талданған. Салыстырмалы-тарихи, деректанулық және тарихи-этнографиялық әдістер арқылы жазба мұралардың тарихи контексі мен армян-қыпшақ қауымының этникалық-мәдени табиғаты анықталған. Сонымен қатар лингвистикалық талдау, паремиологиялық, интерпретациялық және этнолингвистикалық әдістерді жүйелі әрі тиімді қолдану нәтижесінде зерттеудің ғылыми нәтижелеріне қол жеткізілген.</p>
8.2	<p>Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p>	<p>Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану негізінде алынған. Атап айтқанда, деректерді өңдеу мен интерпретациялауда компьютерлік технологиялар кеңінен пайдаланылып, бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырған.</p> <p>Жұмыста жалпы ғылыми-теориялық әдістермен қатар арнайы лингвистикалық әдістер, лингвомәдени және этимологиялық талдау тәсілдері орынды әрі жүйелі түрде қолданылған. Қолданылған әдіснамалық кешен зерттеу нысанының көпқырлы сипатын жан-жақты ашуға мүмкіндік беріп, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.</p>	<p>Зерттеу нәтижелері ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін қолдану негізінде алынған. Атап айтқанда, деректерді өңдеу мен интерпретациялауда компьютерлік технологиялар кеңінен пайдаланылып, бұл зерттеу нәтижелерінің дәлдігі мен сенімділігін арттырған.</p> <p>Жұмыста жалпы ғылыми-теориялық әдістермен қатар арнайы лингвистикалық әдістер, лингвомәдени және этимологиялық талдау тәсілдері орынды әрі жүйелі түрде қолданылған. Қолданылған әдіснамалық кешен зерттеу нысанының көпқырлы сипатын жан-жақты ашуға мүмкіндік беріп, алынған нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.</p>

9	Практикалық құндылық	<p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) иә; 2) жоқ</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p> <p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p>	<p>Ия. Диссертациялық зерттеу жұмысында жасалған теориялық қорытындылар, тұжырымдар мен ұсыныстар нақты тілдік материалдарға және отандық әрі шетелдік ғалымдардың ғылыми пікірлеріне сүйене отырып дәйекті түрде дәлелденген және расталған. Қолданылған дереккөздер мен талдау нәтижелері зерттеудің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді және алынған тұжырымдардың сенімділігін айқындайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыста пайдаланылған маңызды тілдік және мәдени деректер, теориялық тұжырымдар, жіктемелер және өзге де ғылыми нәтижелер сенімді отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге жүйелі түрде сілтеме жасау арқылы дәйектелген. Бұл қолданылған дереккөздердің ғылыми құндылығын және зерттеу нәтижелерінің сенімділігін қамтамасыз етеді.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу нысанына қатысты ғылыми шолу жасауға және талдау жүргізуге жеткілікті, әрі тақырыптың жан-жақты зерттелу деңгейін толық қамтиды.</p> <p>Ия. Диссертациялық зерттеу жұмысының теориялық маңызы жоғары. Зерттеу нәтижелері армян-қыпшақ тілін қыпшақ тілдік</p>
---	----------------------	--	--

принципі	1) бар; 2) жоқ	<p>жүйесінің дербес тарихи нұсқасы ретінде ғылыми тұрғыдан негіздеп, түркі тарихи лингвистикасы, паремиология, этнолингвистика және гендерлік лингвистика салаларындағы теориялық тұжырымдарды нақты тілдік деректермен толықтырады.</p> <p>Зерттеу барысында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер тарихи лингвистика, элеуметтік лингвистика, гендерлік лингвистика және паремиология ғылым салаларының дамуына елеулі үлес қоса алады.</p>
9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	1) иә; 2) жоқ	<p>Ия. Диссертацияның практикалық маңызы бар, алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары.</p> <p>Зерттеу жұмысында қол жеткізілген нәтижелер түркі тіл білімі, қазақ тілінің тарихы, тарихи лексикология, паремиология және құқықтық лингвистика бағыттарында оқу-әдістемелік және ғылыми мақсатта пайдалануға жарамды.</p> <p>Атап айтқанда, зерттеу материалдары жоғары оқу орындарында «Түркі тілдерінің тарихы», «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы», «Лингвомәдениеттану», «Гендерлік лингвистика», «Құқықтық мәтіндердің тілі» сияқты пәндерді оқытуда, сондай-ақ арнайы семинарлар мен элективті курстарда кеңінен қолданылу мүмкіндігіне ие.</p>
9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	<p>Зерттеудің практикалық талдаулары мен ұсыныстары толығымен жаңа болып табылады және олар ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген дербес нәтижелер ретінде бағаланады.</p>
10. Жазу және ресімдеу	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары;	<p>Диссертациялық жұмыстың академиялық жазу сапасы жоғары. Жұмыстың құрылымы мен ресімделуі қолданыстағы талаптарға</p>

	сапасы	2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	толық сәйкес келеді, мәтін ғылыми стильде, терминологиялық дәлдік пен логикалық бірізділік сақтала отырып жазылған.
11	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыс бойынша айтарлықтай ескерту жоқ. Дегенмен, ұсыныс ретінде армян-қыпшақ жазба ескерткіштерін лингвистикалық интерпретациялау барысында морфологиялық деңгейде салыстырмалы талдауларды кеңейте түсу орынды болар еді.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған ғылыми мақалаларының деңгейі өте жоғары. Зерттеу жұмысының негізгі қорытындылары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, сондай-ақ отандық және халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында 9 ғылыми мақала түрінде жарияланған.</p> <p>Атап айтқанда, Scopus деректер базасына енгізілген журналдарда – 1 мақала, шетелдік халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 4 мақала, отандық халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында – 1 мақала, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған тізімге енетін ғылыми журналдарда – 3 мақала жарық көрген. Мәселен, 1). Lexical and Cultural Interactions between Armeno-Kipchak and Turkic Languages in a Medieval Context. Forum for Linguistic Studies .- 2025. 7(2): 47–60. 2. Studies on the Armenian-Kypchak manuscripts in Turkey. – Turkic Studies Journal Journal homepage: « Turkic Studies Journal 4 (2023) – p. 115-129. 3 . Armenian-kypchak monument prayer book “Algysh bitigi”: phonetic and some grammatical features. Ясауи университетінің хабаршысы. –2024. – №3 (133). 3.Proverbs and Sayings in the Armenian- Kypchak</p>

			<p>Language: Semantic-Structural Analysis. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. саяси ғылымдар. аймақтану. шығыстану. түркітану сериясы. – №1(150)/ 2025. – р. 265-275. және т.б. мақалалары зерттеу тақырыбын әр қырынан алып тыңғылықты талдап, зерделеуімен құнды еңбектер болып саналады.</p>
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Жоғарыда аталған ғылыми жетістіктерді ескере отырып, «8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Серікқазықызы Ақботаның «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын Ғылым ережесінің 28-тармағына сәйкес жоғары бағалауға болады.</p>

«8D02303 – Лингвистика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Серікқазықызы Ақботаның «Армян-қыпшақ ескерткіштері тілінің лингвистикалық интерпретациясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы аталған білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге толықтай лайық.

Ресми рецензент:

Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор



Сабыр Мұрат Бөкенбайұлы
ҚОЛЫН КҮЕЛАНДЫРАМЫН
 ӨКІЛДІК БӨЛІМНІҢ БАСТЫҒЫ _____ 20__ ж.
 БАТЫС-ҚАЗАҚСТАН ИННОВАЦИЯЛЫҚ
 ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ